

Мазмұны

1. БББ төлқұжаты
2. түсіндірме жазба
3. Функционалдық біліктілік талдауы
4. Оқу жұмыс жоспары
5. Жабдықтардың тізімі
6. Білім беру бағдарламасының мазмұны (модульдер)
7. Оқу әдебиеттерінің тізімі

1. Білім беру бағдарламасының төлқұжаты

Атауы (мамандықтың коды және атауы)	04110100 – Есеп және аудит
Біліктілік коды және атауы	4S04110102 – Бухгалтер
ТжКБ ұйымы (әзірлеуші)	О.Тұрмағанбетұлы атындағы маңғыстау индустриалды техникалық колледжі
Әзірлеуші серіктестер:	«Халық банк» АҚ ЕБ жаңаөзен филиалы
БББ мақсаты:	Бухгалтерлік есеп саласында, сапалы білімі мен дағдыларға ие, арнайы білікті кадрларды даярлау; пайдалану көздерден алынған деректермен жұмыс істеу, оларды талдау және бағалау қабілеті; ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің есебін және талдауын жүргізудің әртүрлі міндеттерін дербес және жауапты шешу дағдылары; әлеуметтік ұтқырлыққа, көшбасшылық пен кәсіпкерлікке ықпал ететін жалпы және арнайы құзыреттіліктер.
Кәсіби стандарт (бар болса):	<ul style="list-style-type: none"> - «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардағы Бизнес-талдау» кәсіптік стандарты (Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2017 жылғы 17 шілде № 171 бұйрығына № 10 қосымша) - «Еңбекті нормалау» кәсіптік стандарты (Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 18 желтоқсан № 255 бұйрығына № 25 қосымша) - «Қаржылық менеджмент» кәсіптік стандарты (Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 26 желтоқсан № 259 бұйрығына № 94 қосымша)
WorldSkills кәсіби стандарты (бар болса):	жоқ

Білім деңгейі	Техникалық және кәсіби
ҰБШ деңгейі:	Білікті жұмыс күші / Орта буын маманы
СБШ бойынша деңгейі:	4
Білім беру бағдарламасының түрі	жаңа
БББ ерекшеліктері	Кредиттік-модульдік оқыту жүйесі
Кәсіби қызмет саласы	Бухгалтер — ерекше жауапкершілік пен ұқыптылықты қажет ететін, ұйымның қаржылық ағындары және қызметкерлердің жалақысын, салықтық төлемдерді, тауар бағасын анықтап, тапсырыс берушілер мен орындаушылар арасындағы есепті жүргізетін маман иесі.
Еңбек қызметтері	<ul style="list-style-type: none"> • Орта және ірі бизнес ұйымдарында касса бөлімінде қызмет жүргізетін кассир және бас кассир қызметі; • Коммерциялық банк ұйымдарында есеп айырысу касса бөлімінде (ЕАКБ) оператор-кассир және бас кассир қызметін жүргізеді; • Коммерциялық банк ұйымдарында инкассация бойынша түнгі касса бөлімінде кассир қызметін жүргізеді. • Коммерциялық банк ұйымдарында несие бөлімінің қызметкері қызметінде; • Өнеркәсіптік, құрылыс және сауда компанияларында материалдардың қозғалыс есебін жүргізетін материалдық бухгалтер қызметі; • Өнеркәсіптік, құрылыс және сауда компанияларында жалақыны есептейтін есеп айырысу бухгалтер қызметі • Халық шаруашылығының барлық салаларындағы ұйымдардың бухгалтерия бөлімінің басшысы, яғни бас бухгалтер қызметі. • Ірі ұйымдарда ішкі бақылау бөлімінің ішкі-аудит қызметкері қызметі. • Инвестициялық және зейнет-ақы қорларында инвестициялық жобаларды және инвестициялық салымдарды жүзеге асырушы бухгалтер-талдаушы қызметі; • Өнеркәсіптік және өндірістік ұйымдардың өндірістік бухгалтериясында бухгалтер-жоспарлаушы және бухгалтер-талдаушы қызметі
Кәсіби қызметтің объекті(лері).	<ul style="list-style-type: none"> - орта және ірі бизнес ұйымдарында; - инвестициялық қорлардың қаржы бөлімінде; - өнеркәсіптік кәсіпорындар мен құрылыс ұйымдарының бухгалтерия және қаржы бөлімдерінде; - салық комитеттерінің ревизия және қаржы бөлімдерінде; - зейнетақы және басқа да әлеуметтік қорларда, сақтандыру агенттіктерінде инвестициялау және қаржы бөлімдерінде; - коммерциялық банктердің несие және бухгалтерия бөлімдерінде.
Оқу түрі	Күндізгі
Оқу мерзімі	2 жыл 10 ай

Кредиттер көлемі/сағат	180
Оқушыларға қойылатын талап	Негізгі орта білім
Білім беру лицензиясының нөмірі:	
Білім беру қызметімен айналысу үшін лицензия қосымшасы нөмірі:	

2. Түсіндірме жазба

04110100 – Есеп және аудит, 4S04110102 – Бухгалтер біліктілігі бойынша білім беру бағдарламасы келесі нормативтік құжаттар негізінде құрастырылған:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы (01.01.2022 ж. өзгерту енгізілген);
2. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.
3. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардағы Бизнес-талдау» кәсіптік стандарты (Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2017 жылғы 17 шілде № 171 бұйрығына № 10 қосымша)
4. «Еңбекті нормалау» кәсіптік стандарты (Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 18 желтоқсан № 255 бұйрығына № 25 қосымша)
5. «Қаржылық менеджмент» кәсіптік стандарты (Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 26 желтоқсан № 259 бұйрығына № 94 қосымша)
6. «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығы.
7. "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 469 бұйрығы.
8. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы.
9. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 17 қазанда № 17564 болып тіркелді.
10. Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17657 болып тіркелді.

11. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 27 мамырда № 6976 тіркелді.
12. Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 20317 болып тіркелді.

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардағы Бизнес-талдау» кәсіптік стандарты (Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2017 жылғы 17 шілде № 171 бұйрығына № 10 қосымша), «Еңбекті нормалау» кәсіптік стандарты (Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 18 желтоқсан № 255 бұйрығына № 25 қосымша), «Қаржылық менеджмент» кәсіптік стандарты (Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 26 желтоқсан № 259 бұйрығына № 94 қосымша)

Білім беру бағдарламаларының құрылымы

Білім беру бағдарламасының құрылымы 13 бөлімнен (модуль) тұрады, ал оқыту көлемі 180 кредитті құрайды.

1. Жалпы міндетті білім беру (60 кредит / 1440 сағат) – еңбекке және одан әрі білім алуға қажетті білім, білік және дағдыларды кеңейту мақсатында «Жалпы білім беру пәндері модулінің» барлық бағдарламаларын жалпы оқыту. Бұл оқу кәсіптік және қосымша білім беруді бастағанға дейін алғашқы екі жыл ішінде ұйымдастырылады.

Мамандық бейініне қарамастан міндетті жалпы білім беретін пәндерге мыналар жатады:

- «Орыс тілі мен әдебиеті» (қазақ тілінде оқытатын топтар үшін),
- «Қазақ тілі»
- «Қазақ әдебиеті»
- «Шет тілі» ағылшын,
- «Қазақстан тарихы»,
- «Математика»,
- «Информатика»,
- «Өзін-өзі тану»
- «Алғашқы әскери-технологиялық дайындық».
- «Дене шынықтыру»,

Мамандық бейініне қарай колледжде білім берудің тереңдетілген және стандартты деңгейлерінің екі пәнін оқуды таңдаған.

Жаратылыстану-математикалық бейіндегі тереңдетілген білім деңгейінің пәндеріне мыналар жатады:

- «Физика»
- «Химия»,

Тереңдетілген білім деңгейінің пәндеріне мыналар жатады:

- «Дүниежүзілік тарих»,
- «География».

2. 04110100 – Есеп және аудит мамандығы, 4S04110102 – Бухгалтер біліктілігі, бойынша білім беру бағдарламалары келесі базалық модульдерді оқуды қамтиды (18 кредит / 432сағат)

1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру; (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығына сәйкес. (15.09.2021ж. № 469 өзгерістер мен толықтырулармен) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары)
2. Ақпараттық, коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығына сәйкес. (15.09.2021 ж. № 469 өзгерістер мен толықтырулармен))
3. Экономиканың базалық білімдерін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану; (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығына сәйкес. (15.09.2021 ж. № 469 өзгерістер мен толықтырулармен) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары)

3. Кәсіби модуль (99 кредит/2376 сағат) – білім беру бағдарламасының негізгі бөлімі. Оқытудың нәтижелерін, критерийлерін, оларды бағалау әдістері мен нысандарын, сондай-ақ оқытудың мазмұнын және кәсіби модульді жүзеге асыру шарттарына қойылатын талаптарды анықтау.

4S04110102 – Бухгалтер-экономист біліктілігі бойынша студенттер, мамандық бойынша мемлекеттік емтихан тапсырумен аяқталады аяқталады. Дипломдық жоба – білікті жұмысшыларды даярлайтын бағдарламалар бойынша білім алатын студенттердің өзіндік шығармашылық жұмысы, және ол бітірушілердің арнайы теориялық білімі мен практикалық дағдыларын жүйелеуге, қорытындылауға және тексеруге бағытталған. Дипломдық жобаны сәтті қорғаған тұлғаларға біліктілік комиссиясының шешімімен 04110100 – Есеп және аудит мамандығы 4S04110102 – Бухгалтер-экономист біліктілігі бойынша диплом беріледі. Біліктілік деңгейі туралы куәлік және диплом студентке алған мамандығы бойынша жұмысқа орналасуға, сонымен қатар өндірістік ортада кәсіби біліктілігін арттыруға құқық береді.

БББ іске асыру мерзімі : 2 жыл 10 ай.

4. Білім беру ұйымын таңдауға арналған компоненті– Таңдау компоненті ретінде «Ұйымның басқару есебін ұйымдастыру және өндірістік шығындар есебін жүргізу» модульі белгіленді, білім беру бағдарламасын әзірлеу шеңберінде аймақтық өнеркәсіптік және өндірістік сала компанияларының ерекшеліктері және даму жоспары, жұмыс берушілердің талаптары сәйкес ескерген. Білім беру бағдарламасының негізгі кәсіптік модульдерін меңгеру оқу нәтижелерінің жетістіктерін бағалаумен аяқталады, ол бақылаудың әртүрлі түрлерімен жүзеге асырылады: үлгерімнің ағымдағы мониторингі, аралық және қорытынды аттестаттау.

Білім беру бағдарламалары теориялық оқытумен қатар өндірістік оқыту мен кәсіптік тәжірибені қарастырады. Кәсіптік тәжірибе оқу, өндірістік болып бөлінеді. Өндірістік оқыту мен кәсіптік тәжірибенің мерзімі мен мазмұны оқу үрдісінің жоспарымен және оқу жұмыс бағдарламаларымен айқындалады. Оқу тәжірибесі колледж базасында өндірістік оқыту шеберінің жетекшілігімен, ал өндірістік тәжірибе әлеуметтік серіктестікпен келісілген өндіріс орнында ынтымақтастық келісім-шарт негізінде жүзеге асырылады.

Жұмыс берушілердің негізгі талабы

Бухгалтер — ерекше жауапкершілік ие және ұқыптылықты қажет ететін, ұйымның қаржылық ағындары мен қызметкерлердің жалақысын, салықтық төлемдерді, тауар бағасын белгілеп білетін, тапсырыс берушілер мен орындаушылар арасындағы есепті жүргізетін маман иесі болуы керек.

Олардың міндеттеріне мыналар жатады:


- Кассалық операциялар есебі мен байланысты құжаттарды қабылдау, өңдеу, жіберу, сақтау тәртібін біледі;
- Бастапқы банктік құжаттауды рәсімдейді.
- Есеп айырысу - кассалық операцияларды жүргізу;
- Түгендеуді жүргізу;
- Қаржы тәртібін сақтауға, салық және өзге де міндетті төлемдерді уақытында төлеуге бағытталған іс-шараларды әзірлеуге қатысады;
- Бухгалтерлік баланс, өнім, пайда өндіруге кеткен қаражаттың кіріс және шығындар есебін жасау үшін деректер жинайды;
- Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік, статистикалық, салықтық есептеулерін белгіленген уақытында жасайды;
- Ұйымның бюджеттік жоспарын құру, капиталдық салымдардың тиімділігін талдап, қаражатты пайдалануды бақылайды;
- Есеп жүргізе алу және өндіріс пен айналым есеп айырысуларын, шығындар сметасын құрай біледі, қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері өнімдерін (жұмыс, қызмет) іске асыру есебін жүргізу алады;
- Өнімнің өзіндік құнының (жұмыс, қызмет) есеп беру калькуляциясын құра біледі.

3. Біліктіліктің функционалдық талдауы

Біліктілік

Еңбек қызметі

Кәсіби модульдер



5. Білім беру бағдарламасының (модульдердің) мазмұны

4S04110102 – Бухгалтер біліктілігі бойынша құзыреттер мен модульдер тізімі:

Оқыту нәтижелерінің ерекшелігі

Еңбек функциялары	Модуль атауы және коды	Оқыту нәтижесі	Білім	Дағдылары, іскерліктері
	Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	ОН 1.1 Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау ОН 1.2 Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру	Дене шынықтырудың жалпы адам ағзасына әсерін түсінеді. Өз бетінше білімін кеңейтіп, жетілдіруге қабілетін қалыптастырады. Командалық ойындардың ережелерін біледі, жарыстарды ұйымдастыру және ұжымдық өзара ықпалдастық (достық, бірлік) құндылығын түсінеді.	Дене жаттығуларын жүйелі түрде орындауға және спорттық құралдарды пайдалануға дағдыланады Үнемі дене шынықтыру жаттығуларын өздігімен орындайды және дене шынықтыру құралдарын сенімді түрде қолданады. Командада жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырады, спорттық ойындарды топ болып ойнауда шеберлігі артады, өзара қарым-қатынас жауапкершілігі нығаяды. Дене шынықтыру пәнінен алған білімін іс-әрекеті арқылы позитивті сипатта дамытады Тұлғаның дене және рухани күшін нығайтуда спорттық-сауықтыру іс-әрекетінің құндылықтарын үйлестіріп, тиімді ұйымдастырады. Тұлғааралық қарым-қатынасты және бірлескен қызметті ұйымдастырудың маңыздылығын түсінеді. Команда болып спорттық

				ойын барысында жеңіске жету құдыретін түсінеді
	Ақпараттық - коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	ОН 2.1 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру ОН 2.2 Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану	Кәсіби мәселелерді талдау және шешу үшін ұтымды әдістері ніздеу үшін АКТ пайдаланады АКТ артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстырады және баға береді Таным үрдісін оңтайландыру ретінде қамтамасыз ететін, сондай-ақ кәсіби қызметте жеке стиль қалыптастыратын оқыту құрал ретінде, ақпараттық үрдістерді ұйымдастыру ерекшеліктерін ескеретін ақпараттарды өңдеудің заманауи әдістерін пайдаланады.	Ақпаратты өңдеу үшін ақпараттық құралдар мен процестерді пайдалану дағдыларын көрсетеді АКТ құралдары мен еркін жұмыс жасау дағдыларын көрсетеді. Тапсырмаларды орындау кезінде дербестік көрсетеді Өзінің болашақ мамандығына тұрақты қызығушылық танытып, оның мәні мен әлеуметтік маңыздылығын түсінеді. Қажеттіліктерді талдауға байланысты АКТ-ны қолдану дағдыларын үнемі жетілдіру қажеттілігін сезінеді АКТ даму тенденцияларын өзіндік тұжырым қалыптастыру үшін әртүрлі дерек көздерді, көзқарастарды мақсатты түрде зерттейді. Өзінің қызметін ұйымдастыру, кәсіби мәселелерді шешу әдістері мен тәсілдерін анықтау, олардың сапасы мен тиімділігін бағалауға қабілетті
	Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	ОН 3.1 Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру ОН 3.2 Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау ОН 3.3 Әлемдік экономиканың даму	Когнитивтік процесті оңтайландыру құралы ретінде, сондай-ақ әртүрлі нарықтардағы өндірісті ұйымдастырудың ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіптік қызметте жеке стильді қалыптастыру ретінде ақпараттық іздеудің заманауи әдістерін қолданады.	Болашақ мамандығына үнемі қызығушылық танытады, нарықтық экономиканың шынайылығына негізделген болашақ мамандықтың рөлі мен әлеуметтік маңыздылығын түсінеді. Тұтынушылар мен өндірушілердің әртүрлі нарықтардағы мінез-

		<p>үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну</p> <p>ОН 3.4 Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздеріне ие болу</p> <p>ОН 3.5 Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау</p>	<p>Микроэкономикалық талдаудың артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстырады және бағалайды</p> <p>Негізгі пәндер циклінің бір бөлігін іздеу үшін білімдерін қолданыңыз</p> <p>Қазіргі заманғы қоғамды ақпараттандыру үдерісінің басымдықтарының бірі ақпарат жинау, өңдеу, сақтау, тарату және пайдалану мақсатымен біріктірілген әдістер, процестер мен бағдарламалық-аппараттық жүйе болып табылатын білім беруді ақпараттандыру болып табылады.</p> <p>Ақпаратты өңдеудің заманауи әдістерін танымдық процесті оңтайландыру құралы ретінде, сондай-ақ ақпараттық процестерді ұйымдастырудың ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіптік қызметте жеке стильді қалыптастыру ретінде қолданады.</p>	<p>құлқын талдау кезінде микроэкономикалық санаттарды еркін қолдану дағдыларын көрсетеді.</p> <p>Ақпаратты өңдеуге арналған ақпараттық құралдар мен процестерді пайдалану дағдыларын көрсетеді, презентацияларды әзірлейді, ақпараттық қызметтер көрсету.</p> <p>Өз дағдыларын көрсетеді менеджерлердің, экономистердің, қаржыгерлердің, бухгалтерлердің жұмысындағы кәсіби біліктілікке байланысты.</p> <p>Оқу тапсырмаларын орындау барысында тәуелсіздігін көрсетеді.</p> <p>Микроэкономикалық талдау проблемаларын шешу әдістері мен тәсілдерін анықтау, олардың сапасын және ұтымдылығын бағалауға мүмкіндік береді.</p> <p>Ол әртүрлі көздерді зерттеу және талдау арқылы жеке тұжырымдарды қалыптастыру үшін микроэкономикалық санаттардың даму тенденцияларын зерттейді</p> <p>Макроэкономиканы зерделеу арқылы жеке түсініктерді қалыптастыру мақсатында даму үрдістерін қарайды.</p> <p>Өз іс-әрекеттерін ұйымдастыруға, кәсіби проблемаларды шешудің әдістері мен тәсілдерін анықтайды, олардың сапасын және ұтымдылығын бағалайды</p>
--	--	--	---	---

				Кәсіби тақырыптарға пікірталастар кезінде өз ұстанымын дәлелдеу, нақты басқару шешімдерін қабылдау және негіздеу қабілеті
	Қоғамда және еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	ОН 4.1 Төзімділік пен белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларды түсіну ОН 4.2 Әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтарының мәдениетінің рөлі мен орнын түсіну ОН 4.3 Құқықтың негізгі салалары туралы мәліметтерді меңгеру ОН 4.4 Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі түсініктерін меңгеру	Қоғам жайлы, ондағы қоғамдық құбылыстар мен процестердің әлеуметтік мәні мен маңызын, әлеуметтік процестердің себебін түсінеді. Қоғамдағы күнделікті әлеуметтік құбылыстар жайлы ақпараттарды саралап, заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып, оның әлеуметтік мәні мен себебін түсіндіреді. Заманауи ақпараттық технологиялардың кәсіби саласындағы мүмкіндіктерін түсінеді. Қоғамдағы әлеуметтік, саяси, этикалық, моральдық құндылықтарды біледі, олардың әлеуметтік маңызын, мәнін түсінеді және кәсіптік қызметінде қолданады.	<p>Әртүрлі қоғамдық мәселелердің, әлеуметтік процестердің, қоғам дамуы заңдылықтардың себебін саралау, талдау дағдысын көрсетеді.</p> <p>Саяси-экономикалық және саяси-әлеуметтік мәселелерді баяндауда басқа адамдарға өзінің ойын жеткізе алады.</p> <p>Саяси үрдістердегі қауіп-қатерлерді болжайды, ақпараттық қауіпсіздіктегі негізгі талаптарды орындайды.</p> <p>Топта жаңа әлеуметтік идеяларды қабылдап, талдап, жинақтайды, әлеуметтік зерттеулер жүргізуде, заманауи ақпараттық технологияларды қолдану дағдысын дәлдікпен орындайды.</p> <p>Қоғам өміріндегі әлеуметтік, этикалық, құндылықтардың әлеуметтік мәні мен маңызын саралап, талдап, әлеуметтанлық зерттеулер жүргізеді.</p> <p>Қоғамда болып жатқан әртүрлі әлеуметтік мәселелердің себебін өз бетінше анықтап құндылығын үйлестіреді. Алған білімдері арқылы дүниежүзілік жаңа саяси бағыттарды ұлттық мүдделермен ұштастыра отырып салыстыруға қызығушылығын білдіреді.</p>

				<p>Қазіргі заманғы саяси, әлеуметтік жағдайға өзінің көзқарасы мен идеалдарын жақтауда сенімділігін көрсетеді.</p> <p>Іс-әрекетінде әлеуметтік ақпараттарды коммуникациялық құралдар арқылы саралауды, талдаудың құндылығын үлестіреді. Ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдануда дербестік танытады.</p> <p>Қоғамдық-саяси нормаларды, саяси-этикалық құндылықтардың әлеуметтік маңызын түсінеді, өзге халықтардың саяси мәдениетіне толерантты қарайды.</p>
Орта және ірі бизнес ұйымдарында касса бөлімінде қызмет жүргізетін кассир және бас кассир қызметі;	Бастапқы құжаттармен жұмыс және олардың қозғалысын бақылау	<p>ОН 1.1 Қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау, өндірістік санитария талаптарын ескере отырып, жұмыс орнын ұйымдастыру</p> <p>ОН 1.2 Бухгалтерлік есеп саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қолдану</p> <p>ОН 1.3 Шоттардың жұмыс жоспарын, шаруашылық операцияларды ресімдеу үшін қолданылатын бастапқы құжаттардың нысандарын дайындау бойынша жұмысқа қатысу</p> <p>ОН 1.4 Ұйымда бухгалтерлік есеп әдістері мен нысандарын қолдану</p> <p>ОН 1.5 Бастапқы құжаттарды қабылдауды және олардың</p>	<p>Тіршілік қауіпсіздігі ережелерін, еңбекті қорғау кодексіндегі ережелерді қолданады</p> <p>Бухгалтерлік есептің мақсаты мен міндеттерді білу</p> <p>Бухгалтерлік есептің негізгі принциптерін; бухгалтерлік есептің әдістерін; бухгалтерлік есептің әртүрлі нысандарының мәнін; концептуалды негіздерді білу; бухгалтерлік есеп және аудит мамандығының даму тарихын білу; Қазақстанның білім беру жүйесінің ерекшеліктерін білу; оқу материалымен, ғылыми, оқу және анықтамалық әдебиеттермен жұмыс істеу ерекшеліктерін білу</p> <p>Қаржы мәселелері бойынша арнайы терминологияны меңгеру; бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарын, қаржылық есептілік</p>	<p>ТЖ бойынша жаттығу жұмыстары жүргізілген кезде өз білімін көрсетеді</p> <p>Тіршілік қауіптілігі ережелерін, теорияларын қолданып коммуникативтік дағдыларын көрсетеді.</p> <p>ҚР бухгалтерлік есептің нормативтік реттеу жүйесін дамытудың негізгі бағыттары туралы түсінік қалыптастыру</p> <p>Бухгалтерлік есеп және аудит саласының негізгі ұғымдарына бағдарлай білу, жүргізілген жұмыстың қорытындысы бойынша қорытынды жасай білу</p> <p>Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының ережелерін білу</p>

		дұрыс ресімделуін тексеруді жүзеге асыру ОН 1.6 Нормативтік талаптарға сәйкес бастапқы құжаттарды ресімдеу (нұсқаулықтарымен) ОН 1.7 Құжат айналымын ұйымдастыру	элементтерін, ақша сомасын анықтау әдісін, бағалаудың нақты және қалпына келтіру құнын бағалау принциптері мен әдістерін білу, Қазақстан Республикасының "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Заңдарын білу	Халықаралық есеп пен ұлттық есеп жүйесін дамытудағы қазіргі заманғы үрдістерді ұсыну Іскерлік этика нормаларын қолдану Іс жүзінде бухгалтерлік есеп шоттарында әртүрлі шаруашылық операцияларды көрсете білу Бухгалтерлік балансты құрастыра білу және бухгалтерлік есеп нысандарын толтыру
Коммерциялық банк ұйымдарында есеп айырысу касса бөлімінде (ЕАКБ) оператор-кассир, кассир және бас кассир қызметін жүргізеді;	Ақша қаражаттары және олардың баламаларының қозғалысына сәйкес операциялар есебі	ОН 2.1 Ақша қаражаты мен оның баламаларының сақталуын қамтамасыз ететін тәртіпті міндетті түрде ескере отырып қабылдау, есепке алу, беру және сақтау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру ОН 2.2 Кассадағы ақша қаражаттарының қозғалысына байланысты бухгалтерлік операцияларды шоттарда көрсету ОН 2.3 Банктегі есеп айырысу және арнайы шоттардағы ақша қаражаттарының есебін жүргізуге қатысу	Ақша қаражаттары есебін зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін білу Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдана отырып, ақша қаражаттар есебі туралы ақпаратты талдау, оның экономикалық маңызын түсіндіреді. Ақша қаражаттарының есебі бойынша алғашқы құжаттамаларды білу. Ақша қаражаттары есебі бойынша есептемені білу.	Ақша қаражаттары операциялардың мәні және оларды бағалау тәсілдері туралы түсінікке ие болу Ақша қаражаттары есебі бойынша ІС:Бухгалтерия бағдарламасында есепке алудың ерекшеліктері туралы пікір қалыптастыру Ақша қаражаттары есебі бойынша алғашқы және банктік құжаттамаларды рәсімдеп білу керек Ақша қаражаттарының есебі бойынша шоттар корреспонденцияларын құрастырып білу керек
Орта және ірі бизнес ұйымдарында касса бөлімінде қызмет жүргізетін кассир және бас кассир қызметі;	Қызметкерлерге жалақыны жәрдемақыларды және өзгеде төлемдерді есепке алу	ОН 3.1 Есеп беретін тұлғалармен есеп жүргізу ОН 3.2 Іс-сапар бойынша аванстық есеп беру ОН 3.3 Жалақыны касса арқылы өтеу тәртібі	Қызметкерлер мен есепті тұлғалардың міндеттерін білу Қызметкерлер мен есепті тұлғалардың іс әрекетін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді білу Іс-сапар және жалақы есебі бойынша құжаттамаларды білу	Халықаралық есеп пен ұлттық есеп жүйесін дамытудағы қазіргі заманғы үрдістерді ұсыну Іскерлік этика нормаларын қолдану Іс жүзінде қызметкерлермен есепті тұлғалардың есебі бойынша бухгалтерлік есеп шоттарында әртүрлі шаруашылық операцияларды көрсете білу Аванстық есептілікті құрастырып білу керек

Коммерциялық банк ұйымдарында инкассация бойынша, түнгі касса бөлімінде кассир қызметін жүргізеді.	Түгендеуге қатысу	ОН 4.1 Ұйымдарда қадағалау қызметінің жүргізілуі ОН 4.2 Ұйымдарда түгендеу жұмысын ұйымдастыру ОН 4.3 Ақша қаражаттарына түгендеуді жүргізудің тәртібі	Нарық жағдайында қаржылық қадағалаудың орнын және міндетін білу Ішкі бақылау жүйесінің мақсаты мен міндеттерін білу Түгендеу жүргізу шарттарын білу	Түгендеу комиссиясын құрастыру тәртібін білу керек Ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырып және жүргізіп білу керек Ақша қаражаттарына түгендеу жүргізіп, олардың қорытындысы бойынша шара қолданып білу керек
- Өнеркәсіптік, құрылыс және сауда компанияларында материалдардың қозғалыс есебін жүргізетін материалдық бухгалтер қызметі; - Халық шаруашылығының барлық салаларындағы ұйымдардың бухгалтериясында бас бухгалтер қызметі. - Өнеркәсіптік және өндірістік ұйымдардың өндірістік бухгалтериясында бухгалтер-жоспарлаушы және бухгалтер-талдаушы қызметі	Шаруашылық операцияларды құжаттау және ұйым активтерінің бухгалтерлік есебін жүргізу	ОН 5.1 Ұйымның негізгі құралдарының бухгалтерлік есебін ұйымдастыруына қатысу ОН 5.2 Материалдық емес активтердің бухгалтерлік есебін жүргізуге қатысу ОН 5.3 Ұйым қорларының бухгалтерлік есебін ұйымдастыру	Ұйым экономикасында негізгі құралдардың, материалдық активтердің, материалдық қорлардың және дебиторлық қарыздардың орнын және қызметін білу Негізгі құралдардың, материалдық активтердің, материалдық қорлардың және дебиторлық қарыздардың мәнін және мазмұнын білу	Негізгі құралдардың, материалдық активтердің, материалдық қорлардың және дебиторлық қарыздарды танып және жіктеп білу керек Негізгі құралдардың, материалдық активтердің, материалдық қорлардың және дебиторлық қарыздардың бағалануын білу керек Негізгі құралдардың, материалдық активтердің, материалдық қорлардың және дебиторлық қарыздарды қозғалысының бухгалтерлік есеп құжаттарында рәсімдеп білу керек Негізгі құралдардың, материалдық активтердің, материалдық қорлардың және дебиторлық қарыздардың бухгалтерлік жазбалар мен көрсетіп білу керек Негізгі құралдардың, және материалдық активтердің тозуын есептеп білу керек
• Халық шаруашылығының барлық	Активтерді қалыптастыру көздерінің бухгалтерлік есебін	ОН 6.1 Ұйым қатысушыларының капиталды құрастыру тәртібі	Халық шаруашылығындағы шаруашылық ету нысандарын білу	Нормативтік құқықтық актілерге қатысты ұйымдардың алғашқы және резервтік капиталдарын құрастыру ережелерін білу керек

салаларындағы ұйымдардың бухгалтериясында бухгалтер және бас бухгалтер қызметі. • Инвестициялық және зейнет-ақы қорларында инвестициялық жобаларды жүзеге асырушы бухгалтер-талдаушы қызметі;	жүргізу және ұйымның активтерімен қаржылық міндеттемелерін түгендеу жөніндегі жұмыстарды орындау	ОН 6.2 Ұйым резервтерін қалыптастыру және қолданудың бухгалтерлік есебі ОН 6.3 Ұйымның қаржылық нәтижелерінің бухгалтерлік есебін ұйымдастыру	Әртүрлі шаруашылық нысанындағы ұйымдар мен мекемелерді ашу тәртібін білу Компанияларды ашу тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілермен таныс болу	Қосымша капиталдың есебін жүргізіп білу керек Жарғылық, резервтік және қосымша капиталдың, активтерді қайта бағалаудан болатын резервтердің, бөлінбеген табыстың (зиян) бухгалтерлік есебін, шоттар корреспонденциясын білу керек
• Өнеркәсіптік, құрылыс және сауда компанияларында материалдардың қозғалыс есебін жүргізетін материалдық бухгалтер қызметі; • Өнеркәсіптік, құрылыс және сауда компанияларында жалақыны есептейтін есеп айырысу бухгалтер қызметі • Халық шаруашылығының барлық салаларындағы ұйымдардың бухгалтериясында бас бухгалтер қызметі.	Бюджетпен және бюджеттен тес қорлармен есеп айырысуды жүргізу	ОН 7.1 Бюджетке салықтар мен алымдарды есептеу және аудару бойынша бухгалтерлік жазбаларды қалыптастыру. ОН 7.2 Жабдықтаушылар және мердігерлермен есеп айырысудың бухгалтерлік есебін ұйымдастыру.	Салық теориясын, салық қатынастарының мәні мен рөлі туралы білу Жұмыс беруші мен жұмысшы арақатынасын реттейтін ҚР Еңбек кодексінің баптарының мазмұнын білу Ұйым мен олардың жұмысшыларының бюджетпен байланысын реттейтін ҚР Салық кодексінің баптарының мазмұнын білу	Ұйымның шаруашылық қызметімен байланысты салық түрлерін, салық салу тәртібін және механизмін білу керек Жабдықтаушылар мен мердігерлер алдындағы қарыздардың есебін жүргізуді білу керек Корпоративтік, жеке табыс, әлеуметтік және ұйым қызметімен байланысты басқа да салық түрлері бойынша бухгалтерлік есебін жүргізудің тәртібін және шоттар корреспонденцияларын жүргізіп білу керек Салықтық төлемдер бойынша есептемелерді құрастыру және тапсыру тәртібін білу керек
Халық шаруашылығының	Бухгалтерлік (қаржылық)	ОН 8.1 Ұйымның бухгалтерлік есептілік	Есепте (есептілікте) шаруашылық операцияларды көрсету тәртібін,	Қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қаржылық

барлық салаларындағы ұйымдардың бухгалтериясында бухгалтер және бас бухгалтер қызметі.	есептілікті жасауға қатысу	нысандары және олардың көрсеткіштері ОН 8.2 Бухгалтерлік баланс және оны құрастыру тәртібі	компьютерлік ортадағы бухгалтерлік есептің ерекшелігін білу Есепте (есептілікте) шаруашылық операцияларды көрсету тәртібін, компьютерлік ортадағы бухгалтерлік есептің ерекшелігін білу Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдана отырып, оны іздестіруді, өңдеуді және сақтауды ұйымдастыра отырып, ақпараттың барлық түрлерімен жұмыс істеу	есептіліктің барлық нысандарын дайындай білу Бухгалтерлік балансты құрастыра білу және бухгалтерлік есеп нысандарын толтыру Кіріс және шығыс туралы есеп нысанын құрастырудың тәртібін білу Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептілік нысанын құрастырудың тәртібін білу
- Коммерциялық банк ұйымдарында несие бөлімінің қызметкері қызметінде; - Инвестициялық және зейнет-ақы қорларында инвестициялық жобаларды жүзеге асырушы бухгалтер-талдаушы қызметі;	Ұйымның және оның бөлімшелерінің шаруашылық-қаржылық қызметін кешенді талдауға қатысу	ОН 9.1 Ұйымды басқарудағы кешенді экономикалық талдау - басқару құралы ретінде	- кәсіпорынның бухгалтерлік талдауын жүргізу үшін әртүрлі деректер көздерін пайдаланады - экономикалық көрсеткіштерді есептеу үшін қажетті бастапқы деректерді таңдайды және талдайды; - қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын біледі және оларды тәжірибеде қолдана алады. - әртүрлі меншік нысанындағы кәсіпорындардың есептілігіндегі қаржылық, бухгалтерлік және өзге де ақпаратты талдайды, түсіндіреді және алынған мәліметтерді басқару шешімдерін қабылдау үшін пайдаланады.	- ақпараттық технологияларды меңгереді, барлық ақпарат түрлерімен жұмыс істейді. - шешімдердің сыни ұсынылған нұсқаларын бағалайды және әлеуметтік-экономикалық тиімділік, тәуекелдер және ықтимал әлеуметтік-экономикалық салдарларды ескере отырып, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлейді және негіздейді. - талдамалы зерттеудің қорытындысы бойынша мәселелерді ұжымдық талқылауға және шешімдер қабылдауға қатысады. - ұйымдардың шаруашылық қызметінің нәтижелерін кешенді талдай алады, мәселелерді бөліп шығарады және оларды қандай тәртіппен шешу қажеттігін бағалайды.

				- қаржылық есеп, басқару есебі және қаржылық есептілікті қалыптастыру саласында базалық теориялық білімі және практикалық кәсіби дағдылары бар.